

"Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына жұмыстарына) орташа мерзімдік кезеңге арналған тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) бекіту және енгізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2173 нөмірмен тіркелген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 3 ақпандағы N 30-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 15 сәуірдегі N 190-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2004 жылғы 29 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 2832. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 12 маусымдағы N 149-НҚ бұйрығымен

Ескерту: Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2006 жылғы 12 маусымдағы N 149-НҚ бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 20 маусымдағы N 1141 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі туралы ереженің 11-тармағының 14) тармақшасына және 20-тармағына сәйкес бұйырамын:

1. "Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) орташа мерзімдік кезеңге арналған тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) бекіту және енгізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2173 нөмірмен тіркелген ("Ресми газетте" 2003 жылғы 5 сәуірде N 14 нөмірмен жарияланған) Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 3 ақпандағы N 30-НҚ бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) орташа мерзімдік кезеңге арналған тарифтер (бағалар, алымдар ставкаларын) бекіту және енгізу жөніндегі нұсқаулықта:

барлық мәтін бойынша "инвестициялық жобаларды", "инвестициялық жобаны", "инвестициялық жоба", "инвестициялық жобаға" деген сөздер тиісті "инвестициялық бағдарламаларды (жобаларды)", "инвестициялық бағдарламаны (жобаны)", "инвестициялық бағдарлама (жоба)", "инвестициялық бағдарламаға (жобаға)" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақта "орташа мерзімдік" деген сөз алынып тасталсын;

4 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) базалық тарифтік смета - "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-1-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен шығындарды қалыптастырудың Ерекше тәртібінің (бұдан әрі - Ерекше тәртіп) талаптарына сәйкес Субъектінің инвестициялық бағдарламасын (жобасын) іске асырғаннан бастап бір жылға белгіленген тәртіппен бекітілген тарифтік смета ; " ;

5) тармақшада "үш жылға тең" деген сөздер "бес жылға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-тармақтағы 7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) инвестициялық бағдарламаның (жобаның) болуы;" ;

10-тармақтағы 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) инвестициялық бағдарлама (жоба);" ;

15-тармақтағы 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) заңнамада белгіленген тәртіппен уәкілетті органмен келісілген инвестициялық бағдарлама (жоба);" .

2. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Электр және жылу энергетикасы саласындағы реттеу мен бақылау жөніндегі департаменті (Григорьева С.П.) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің Әкімшілік және аумақтық жұмыстар департаменті (Токарева М.А.) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) оны бұқаралық ақпарат құралдарында заңнамада белгіленген тәртіппен жариялауды қамтамасыз етсін;

2) оны Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Ж.Ж.Ертілесоваға жүктелсін.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК